

Шымкент қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күштерін жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 1125 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларының күштері жойылды деп танылсын:

"Шымкент қаласы әкімдігінің Регламентін бекіту туралы" 2015 жылғы 15 мамырдағы № 680 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3202 тіркелген, 2015 жылы 12 маусымда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған);

"Шымкент қаласы әкімдігінің Регламентін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 680 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 24 ақпандағы № 333 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3612 тіркелген, 2016 жылы 4 наурызда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған);

2. Осы қаулының орындалуы қала әкімі аппаратының заң бөлімінің басшысы А.Қайыповқа жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің аппарат басшысы Р.Аюповқа жүктелсін.

Қала әкімі

Ғ.Әбдірахымов